

Лайықты марапат

Облыста өткен ауқымды шарада ауданымыздың абыройы асқақтады

Қостанай облысы әкімдігінің мәдениет басқармасының ұйымдастыруымен өткен Тілдер күніне арналған салтанатты іс-шара «Тіл - рухани қазына» атауымен ауқымды аталып өтті.

Биылғы атаулы мереке Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойымен ұштасуы іс-шараның ерекше өтуінің себепшісі болды.

Салтанатты іс-шараға Қостанай облысы бойынша белгілі тұлғалар қатысып, жүрекжарды жылы лебіздерін білдірді. Шараның ерекшелігі тіл жанашырларын тарихи тұлғалар мен жиынға шақырылған зиялы қауым өкілдері марапаттады. Тарихи тұлғалар Ыбырай Алтынсаринды, Ахмет Байтұрсынұлын, Міржақып Дулатұлын, Мұхамеджан Сералинді, Мәриям Хәкімжанованы сахна төрінде сомдаған әртістер жиылған қауымға ерекше әсер сыйлады.

Осы іс-шараның куәсі болып келген, Меңдіқара ауданы әкімдігінің Тілдерді оқыту орталығының басшысы Алмагүл Бирманова облыс бойынша аудан, қалаардың оқыту орталықтарының тіл саясатын іске асыру бойынша атқарылған жұмыстарының қорытынды нәтижесі ретінде Меңдіқара ауданына үлкен марапат алып



Аудан намысы асқақтаған абыройлы күн, ауқымды іс-шарада – қос басшы Жанат Таженова және Алмагүл Бирманова

келді.

- Қостанай облысы әкімдігінің мәдениет

басқармасының ұйымдастыруымен облыстық орталықтар арасында «Тіл

- рухани қазына» номинациясы бойынша облыстық байқау ұйымдастырылған.

Бұл байқау облыс бойынша он тоғыз орталықтың жұмыс нәтижесін көру

мақсатында ұйымдастырылған. Себебі, облыс бойынша он тоғыз Тілдерді оқыту орталығының жұмысы қазылар алқасының бағалауынан өтті. Әрине, орталықтың өз жұмыс бағыты бар. Тұрғылықты халықтың тіл білу деңгейіне қарай жұмыс жүргізеді. Егер «Тіл – рухани қазына» номинациясына ие болып отырсақ, бұл, біздің атқарып жатқан жұмысымыздың жемісі деп білемін, - деді Алмагүл Бирманова.

Осы іс-шарада Меңдіқара ауданы әкімдігінің Тілдерді оқыту орталығы «Мемлекеттік тіл саясатын іске асыру және азаматтарға тілдерді оқытуды үздік ұйымдастырғаны үшін» бірінші дәрежелі дипломмен марапатталып, үш миллион теңгені қанжығаларына байлаған екен. Басшының жұмысты ұйымдастыра білуінде ең басты қол жеткізген жетістігінің бірі – еңбегіне баға берілуі.

Тілдерді оқыту орталығының жұмысына оң бағамызды беріп, бізде ауданымызда тіл саясатын іске асыруда атқарылған жұмыстарының жемісін көріп отырған мекемеге болашақта да үлкен табысқа жетулеріне тілектеспіз. Тілі жойылған елдің тағдыры болмайды. Еліміз тыныш, халқымыз аман, туымыз тұғырлы, тіліміз ғұмырлы болсын.

Дайындаған
Тұрсыннай МҰХТАРҚЫЗЫ